

**«Қазспортинвест» акционерлік қоғамының  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленген және «Қазспортинвест» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам). қызметінің барлық салаларындағы тыйым салулар, шектеулер мен рұқсаттар жүйесі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Қоғам қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықты дер кезінде анықтау және оның теріс салдарын болдырмау;

3) Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғамның қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру және функцияларын орындау барысында қолданылады.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғам қызметкерлері үшін орындауға міндетті болып табылады.

3) Қоғамның әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдануға және орындауға жеке жауапкершілікте болады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес өзгертіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғам қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауына және қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуына бағытталған әрекеттері мен шешімдерін белгілейді.

7. Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылауды жоғары және орта буын басшылары жүзеге асырады.

8. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «Қазспортинвест» акционерлік қоғамы болып табылады.

**2. Құқықтарды және жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін  
жүзеге асыру бойынша ұсыныстар**

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әсер ететін аумақта жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Қоғам қызметкерлері:

1) қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында өз міндеттерін орындауға байланысты қандай да бір материалдық игіліктерді, қызметтерді немесе өзге де артықшылықтарды қабылдамайды;

2) мүдделер қайшылығын болдырмауы, ал олар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды;

3) қызмет көрсету барысында өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында қызмет бабын пайдаланбайды;

4) жеке мәселелерін шешу үшін мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, Қоғам қызметкерлерінің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал ететін қызмет бабын пайдаланбайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету саласының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын өзге де қатынастарда:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтарды және өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермейді;

2) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда түсіру мақсатында ресми таратуға жатпайтын басқа да ақпаратты пайдаланбайды;

3) Өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында, іскерлік этикет пен қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтайды.

11. Қоғамның барлық қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік этика мен қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтайды.

### **3. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдер дайындау және қабылдау бойынша ұсыныстар**

12. Өз құзыреті шегінде шешімдер дайындау және қабылдау кезінде Қоғам қызметкерлері:

1) тікелей басшысын мүдделер қайшылығының, қызметтік міндеттерін орындауда жеке мүдделердің, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлық алуға бейімділіктің туындауы туралы хабардар етеді;

2) қызметтік міндеттерін орындау барысында жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмайды;

3) әріптестерге және басшыларға олардың бейтарап ресми шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштер жасамайды;

4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемейді немесе ынталандырмайды;

5) әріптестеріне, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермейді және қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы мүліктік пайда, жеке игіліктер немесе артықшылықтар алу үшін бейресми қызмет көрсетпейді;

- 1) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамайды;
- 2) қызметтік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда түсіру мақсатында пайдаланбайды;
- 3) Егер бұл жақын туыстық қатынастағы адамдардың (ата-аналар, жұбайлар, аға-інілер, апалар, балалар) тікелей бағынуымен немесе бақылауымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тартады;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуға белсенді қатысады;
- 5) белгілі болған сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ материалдарды жедел немесе қағазбастылықсыз қарау үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу фактілері туралы басшылықты дереу хабардар етеді;
- 6) орындауға келіп түскен бұйрықтың заңдылығына күмәнданатыны туралы тікелей басшыны дереу жазбаша түрде хабардар етеді;
- 7) тікелей басшысының өзі мүдделер қайшылығына тартылған жағдайда жоғары басшылыққа жүгінеді;
- 8) әріптестерінің жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауын қолдайды және талап етеді;
- 9) мүмкін болатын мүдделер қайшылығының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттарын және олардың салдарын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдайды;
- 10) кез келген адамға кіріс шығарып алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда көмектесуден тартынады;
- 11) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббилеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекеттер жасаудан тартынады.

#### **4. Қоғамның жауапты тұлғаларының тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы бойынша ұсынымдар**

13. Мемлекеттік сатып алуға арналған қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау.
14. Заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.
15. Әлеуетті жеткізушілер арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету.
16. Мемлекеттік сатып алу үдерісінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету.
17. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.
18. Осы әлеуетті жеткізушінің таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің сенім берілген өкілінің жақын туыстарының, жұбайларының немесе туыстарының ағымдағы мемлекеттік сатып алуларға қатысуына жол бермеу, өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуға ұйымдастырушының өкілдерін қатыстырмау.

19. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің Бірыңғай тізіліміне енгізілген және (немесе) оның өзі тартқан қосалқы мердігеріне (бірлесіп орындаушы) әлеуетті жеткізуші ретінде қатысуға жол бермеу.

### **5. Қоғам басшыларына басқа да әлеуметтік маңызы бар қарым-қатынастар бойынша ұсыныстар**

20. Қоғам қызметкерлерін жоғары лауазымдарға тағайындау кезінде меритократия қағидатын басшылыққа алу.

21. Кадр қызметі саласында қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау.

22. Қоғамға жұмысқа орналасу кезінде Компания қызметкерлеріне қойылатын негізгі жауапкершіліктерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіру.

23. Қоғам қызметкерлерінің жеке деректері туралы ақпараттың бөтен жаққа негізсіз берілуіне жол бермеу.

24. Қоғам қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексерулерді әділ және жан-жақты жүргізу.

25. Қызметке тағайындалған Қоғамның лауазымды тұлғаларынан қандай да бір жеке қызметтерді көрсету туралы өтінішпен талап етпеу немесе жүгінбеу.

### **6. Тіршілік әрекеттері аясының ерекшеліктеріне байланысты басқа да әлеуметтік маңызды қатынастарда**

26. Туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

27. Қарамағындағы лауазымды тұлғалардың міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын белгілеу.

28. Қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында жұмыс көлемінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу.

29. Олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ ынталандыру мен жаза тарту шараларын қолдану кезінде әділдік пен айқындық көрсету.

30. Шешілуі мүмкін емес немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңға қайшы келетін бұйрықтар бермеу.

31. Қызметтен тыс мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

32. Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

33. Қарамағындағы қызметкерлер мен басқа да лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуының алдын алу және жолын кесу.

34. Қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптестер арасында туындайтын мүдделер қайшылығын шешу бойынша уақтылы түбегейлі шаралар қабылдау.

35. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.

36. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға, оның ішінде қарамағындағы қызметкерлермен де, ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

37. Қарамағындағы немесе өзі бағынышты адамдармен, сондай-ақ қызметінде немесе жұмысында онымен басқа қарым-қатынаста болған лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.

38. Бейресми немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағыларды тартуды болдырмау.

### **7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

39. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру – қоғамда жалпы танылған құндылықтар жүйесінің призмасы арқылы сыбайлас жемқорлықпен күресу қажеттілігіне шенеуніктердің сенімін нығайтуға бағытталған қызмет.

40. Лауазымды тұлғаларда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік дағдыландыру. Бұл ретте басты назар жазаның бұлтартпастығына аударылуы керек, оқиғаға төтенше жағдай деңгейін бере отырып, ұжымдық талқылау және келешекте оның алдын алу шараларын әзірлеу керек.

### **8. Қоғам басшыларының жеке сыбайлас жемқорлықпен күресуге және алдын алуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру бойынша дербес жауапкершілігі**

41. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті.

42. Сыбайлас жемқорлықпен күресуге және оның алдын алуға бағытталған шаралардың тиімділігі көп жағдайда Қоғам басшысының іс-әрекеттерінің бірізділігімен, жүйелілігімен және үздіксіздігімен сипатталатын бірбеткейлі ұстанымына байланысты.

---